



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Силвестру. – Кишинев : Штиинца, 1983.– 49с

3. Собкин В.С., Кузнецова Н.И. Российский подросток 90-х: Движение в зону риска. Аналитический доклад. — М.: ЮНЕСКО, 1998. — 120 с.

4. Кабакова М.П. Ценности и традиции современной казахской семьи. http://teacherszone.ucoz.ru/publ/semja/cennosti_i_tradicii_sovremennoj_kazakhskoj_semi/3-1-0-23

УДК 316.6:[297:327.3]

ЖЕТКІНШЕКТЕР АГРЕССИЯСЫНЫҢ КӨРІНУІНІҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Иманкулова Камшат Мұхтарқызы

kami_94_09@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ психология мамандығының

III курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Ақымбек Г.Ш.

Қазіргі кездегі біздің қоғамда қатал әрі тұрақсыз әлеуметтік, экономикалық, экологиялық, идеологиялық жағдайлар белең алуда. Өсіп келе жатқан балалардың жеке тұлғалық дамуы мен әрекет-қылығындағы түрлі ауытқулардың өсуі осы жағдайлармен тікелей шарттас. Олардың ішінде тек прогресс түрінде дамып келе жатқан балалар бойындағы алыстық, бөтендік, жоғары дәрежедегі мазасыздық, рухани бос болу ғана емес, сонымен қатар қатыгездікті, қаталдықты, агрессивтілікті де атауға болады. «Жеткіншек кезеңдегі агрессия» деген термин балалардың мінез-құлқындағы қиын әрекеттерін білдіреді. Жеткіншектер ортасындағы агрессивті беталыстың өсуі біздің қоғамымыздың соңғы жылдары көбейіп кеткен жастар арасындағы қылмыстық істер, әсіресе жеткіншектер қылмысы ең күрделі де қиын әлеуметтік мәселеге айналады. Сонымен қатар, денеге зиян келтіретін тұлғаға бағытталған қылмыстық әрекеттер санының көбею деректері де бізді аландатуда. Қоғамда болып жатқан террор, жәбірлеу, суицидтік өсуі сияқты әлеуметтік қауіпті құбылыстардың белең алуына байланысты агрессия сұрағы зерттеудің негізгі объектісі болып отыр. Барлық қасиеттер сияқты агрессия да индивидтерде түрлі дәрежеде көрініс табады, Агрессиялықтың болмауы енжарлық пен конформдылыққа, ал оның шектен тыс дамуы конфликтіге қоршаған ортамен өзара түсініспеушілікке әкеледі.

Жеткіншектік ортадағы агрессивті тенденцияның өсімі біздің қоғамдағы әлеуметтік мәселелерінің өзектілігін көрсетеді. Ақырғы жылдары біздің қоғамда жастар арасындағы қылмыс, әсіресе жеткіншектер арасындағы қылмыс саны өсті. Топтар арасындағы төбелестер жиіледі. Бұл бірнеше жағымсыз факторлардың жиынтығынан тұрады [1,26]:

- Балалардың әлеуметтік өмір жағдайларының төмендеуі;
- Отбасылық тәрбие дағдарысы;
- Патологиялық босанулардың нәтижесінде баланың бас миына зақым келгендіктен;
- Мектептегі балалардың жүйкелік-психикалық жағдайларына назар аудармауынан;

Агрессивті балалар- ең аз басқарылатын және терапияға нашар берілетін балалар контингенті. Агрессивтіліктің көрінуі көбінесе психикалық ауруларға шалдыққанда білінеді. Агрессивтілік ғылымда кездесетін ең бір өзекті де қиын мәселелердің бірі. Бұл жағдайды түсіндіруде ғалымдар көптеген көзқарастарға сүйенеді.

Жеткіншектік шақ жас шақтарының ішіндегілердің аса кризистілерінің бірі болып табылады. Бұл жыныстық жетілуге байланысты күшті физиологиялық пертурбация арқылы жиі күрделене түсетін жеке тұлғаның барлық компоненттерінің толыққанды дамуымен түсіндіріледі. Жеткіншектің бойына тән жеке

тұлғалық ерекшеліктердің ішінде әсіресе ересектік сезімінің және «Мен-концепциясының» қалыптасуымен ерекше байқалады. Ересектік сезімі – өзін-өзі танудың ерекше формасы. Ол қоршаған орта адамдарының жеткіншекке қатынасы кішкентай балаға сияқты емес, ересек адамға сияқты болуын қалауынан өз көрінісін табады. Ол өзінің ересек позициясында тұрып, ересектермен қатынаста тең құқыққа ие болуын қамтамасыз етуге тырысады. Сонымен қатар бұл сезім өзбеттілікке ұмтылыстан, өз өмірінің кей қырларын ата-анасының араласуынан шектеуге деген қалаудың болуынан көрініс табады. Бұл сырт келбетке, қатынасқа, оқуға қатысты болып келеді. Ересектік сезімі кіші жеткіншектің жаңа түзілістерінің ішінде бастыларының бірі. Ал жеткіншектік шақтың аяғына қарай, шамалап 15 жаста, жеткіншек өзінің жеке тұлғалық дамуында тағы бір қадам жасайды. Өзін іздегеннен кейін – «Мен» образдарының, өзі жайында түсініктердің іштей келісімді жүйесі – «Мен-концепциясы» қалыптасады. Әдетте жеткіншек бойында қызулық және қозғыштық сияқты ерекшеліктер кездеседі. Физиологтар мұны осы жас шағына тән жыныстық жетілуге байланысты дейді. Бұл кезеңде қыздарда көңіл-күй өзгерісі, көп жылау, өкпелегіштік қасиеттер байқалады. Ұлдар болса қозғалғыш әрі тынымсыз болады.

Қазіргі заманғы жеткіншек өз агрессиясын екі әдіс арқылы жүзеге асырады:

- агрессияны ашық түрде көрсету, таяқ жеу және өмірлік тәжірибе алу – осы жолмен жүре отырып, ол не бедел (авторитет), престиж, өзін-өзі жүзеге асыруға жетеді, немесе психикалық тұрғыдан бұзылады, тіпті суицидке дейін де жетуі ықтимал;
- агрессияны тығады, басады, тұншықтырады. Өмірде ерекше ештемеге жетпесе де, энергиясының бір бөлігін жоғалтады. Бастырылып тасталған энергияның сырт көрінісі невроз түрінде де немесе басқа бір психосоматикалық сырқат түрінде байқалады [1,28].

Жеткіншектерде агрессивтіліктің өсуіне итермелейтін бірнеше факторларды атап көрсетуге болады. Бұл біріншіден, өсіп келе жатқан адамдарға қойылатын жаңа талаптарға сәйкес, техника-технологиялық түзілістердің қарқыны мен ритммен тікелей байланысты. Екіншіден, анық өмірлік позициясы қалыптаспаған жеткіншекке қатты әсерін тигізетін, «шу» тудыратын ақпараттың толық сипатымен байланысты. Үшіншіден, балада үмітсіздік сезімін және үлкендердің оларға осындай мұра қалдырғаны үшін ызашылдық сезімін тудыратын, біздің қоғамда орын алған экологиялық және экономикалық дағдарыспен байланысты. Жеткіншектер бойында агрессивтіліктің дамуына итермелейтін бұқаралық ақпарат құралдарының қызметі, сонымен қатар жеткіншек бойында агрессивтілікті тәрбиелейтін өтірік, зұлымдық, зорлық-зомбылыққа толы кинофильмдер ағысы. Көптеген жеткіншектер белгілі бір манераларға сәйкес және түрлі ақпарат құралдарымен ұсынылатын стереотиптерге, тіпті нақты бір адамдарға еліктейтіндерін атап өткен жөн болар. Бұл жерден «боевиктердің», «детективтердің», т.с.с. көбі жеткеншікті өз алдына ересек етіп көрсетіп, өз демонстрациясының маңыздылығының амалы бола отырып, әрекет-қылығының агрессивті формасын тудырады. Бұл сонымен қатар референтті топта белгілі бір орын алу, өзіндік мойындалуға жету, басып ұялтуға болмайтын өзін адам екенің сезінуге деген қалаудың болуынан да көрінеді [3,187]

Сонымен атар, жеткіншектік шақта агрессивтілік қатыгездік және садизм сияқты ауытқулар байқалады. Мұндай әрекет-қылық жеткіншектің психикасының тұрақсыздығы және тәрбиесіндегі дефекттермен байланысты. Балаларды зерттеу практикасы мұндай әрекет-қылықтың негізінде отбасы тәрбиесінің дұрыс болмауынан деп көрсетеді. [2,81]

Жеткіншектің мінез-құлығындағы ауытқулар көбіне туа пайда болмайды, олар физиологиялық ауытқулардан емес, отбасындағы және мектептегі дұрыс тәрбие бермеуден де пайда болады. Осы аталып көрсетілген ауытқу девиантты мінез-құлық деп аталады. Осындай девиантты мінез-құлықтың бір түріне агрессивті мінез-құлық жатады. Ал агрессивті мінез-құлық дұшпандық әрекетке (төбелес, тіл тигізу) апарады.

Агрессивті балалардың отбасы ерекшеліктері төмендегідей болып келеді [2,83]:

1. Агрессивті баланың жанұясында ата-аналармен бала арасындағы эмоционалды байланыс бұзылған. Әсіресе әке мен ұл баласы арасында. Ата-ана бір-біріне жаушыл сезімде және бір-бірінің қызығулары мен құндылықтары үйлеспейді.

2. Әке жиі түрде өзі агрессивті әрекет-қылығының моделін демонстрациялайды, ортаға салады. Сонымен қатар өз балаларының бойындағы агрессивті тенденцияларды жақтап-қостайды, қолпаштайды.

3. Агрессивті балалардың аналары балаға талап қоймайды. Олардың әлеуметтік құндылықтарына селқос қарайды. Баланың үй шаруасында міндеттері болмайды.

4. Агрессивті ата-ананың балаларында өз әрекет-қылығы мен тәрбиелеу бір-біріне қарсылас келеді. Әдетте, өте қатал әке және тым жұмсақ ана, нәтижесінде балада оппозициялық әрекет-қылықтың моделі қалыптасады. Ол тікелей қоршаған ортада байқалады.

Сондай - ақ тәуекел әсер ететін ішкі факторлар бар . Педагогтар оны білуі қажет; бала өзін керексіз және қажетсіз сезіну, төменгі өзін-өзі бағалауы, өзіне сенімсіздігі , өзін бақылау және тәртіпке әкелу жеткіліксіздігі, түрлі жағдайды сынай қарауы , өзінің ойын еркін жеткізе алмауы, өзіндік ашылуы сезілмейді. Ресейлік ғалым Курен Н.С екі типті отбасында аддиктивті мінез- құлықтың пайда болатынын көрсетеді.

1 Ата - анасы мен балалары арасындағы қарым - қатынастың қатты бұзылған отбасында

2 Ата - анасының бірі делинквентті мінез - құлық көрсететін отбасы

И.Ю.Мангутова “ана мен қыз ” конфликті диадын зерттей келе мына тұжырымға келеді: бәсекелестік стилді мінез - құлық “ана мен қыз” қарым - қатынасындағы корфликтіне тән.

Б.Г.Ананьев, Л.И.Божович , И.С.Славина мұғалім мен бала арасындағы қарым - қатынас баланың ата - анасына және баланың құрбыларына қарым - қатынасын экспериментті түрде зерттеп көрсеткен. Балалардың мінез - құлқында қиындықтардың пайда болу себебі, біріншіден, отбасы тәрбиесі десек, екіншіден, мектептегі оқу тәрбие жұмысындағы кемшіліктермен сипатталады. Жасөспірімдерде девиативті мінез - құлықтың қалыптасуына көптеген факторлар әсер етеді. Жеке адамның қалыптасуына тұқымқуалаушылық , орта және тәрбие факторларының әсер ететіні белгілі [2,87].

Сараптай келе бұл жерде, жетекші рольде әлеуметтік - психологиялық бақылаусыздық деп айтуға болады, себебі тәрбиеде немқұрайлылық, қарым - қатынаста назардан тыс қалу балада жалғыздық сезімін тудырады , өзін керексіз санайды. Осындай әлеуметтік жағымды тәжірибенің жоқтығы, әлемтану мен құндылық бағытын, этикалық нормаларды, эстетикалық сезімді дамытпайды. Осыдан барып балада үлкенді сыйламау, шеттелу, қажетсіз сезіну байқалады. Қазіргі жеткіншек микроортасы жағымды деп қарастыра алмаймыз себебі: қоршаған ортада, аулада және үйде түрлі мінез - құлықтың бұзылу түрлерімен кездеседі, оған әлеуметтік, мәдени, экономикалық факторлар әсер ететіні белгілі. Тұрмыстық идеология негізі қоғамды ырықтандыру процесіне әкелуде. Күнделікті әңгімеде беделге жету жеке құндылықтар негізінде емес заңсыздық және құқық бұзу деңгейінде жеткені туралы көп қозғалады, ол тек материалды тұрғыда табысқа жетумен қатар қоршаған орта құрылымына енуі және қоғамдық лауазымды қошеметіне жетіп отырғаны баяндалады . Жас жеткіншектің идеалды әлеуметтік және жекелік құндылық бағыттарына кері әсерін тигізетіні сөзсіз. Кейде адам әлеуметтенудің құрбаны да болып кетеді. Ол әлеуметтену нәтижесі адамның ішкі сезімдері мен жан дүниесіне қайшы келгенде орындалады . Өз ойымды білдіре кетсем, мысалы, бала жеткіншек жасқа дейін сабақты бестікпен оқып жүрген. Ал жоғарғы сыныпқа өткенде, ол белгілі жағдайларға байланысты басқа сыныпқа немесе мектепке ауысты делік. Ал оның жаңа сыныбында қиын жеткіншектер. Бәрімізге белгілі жеткіншек жаста бәрінен бұрын құрбыларының көзқарасы маңызды рөл атқарады. Сонда бала “беделді” сыныптастарының көзқарасы маңызды болғандықтан, ол сабақты, қызығатын үйірмелерін тастап, “беделді” топқа қосылуға мәжбүр болады. Ал қосылмаса құрбы, сыныптастарының “оқымысты”, “ботаник”, “ақылды” т.б

мазақ, күлкі сөздерге қалады. Ал жеткіншек үшін бұл топтан шығарып тастау деген сөз. Яғни, ол аутсайдер болады. Сондықтан бала өз қызығушылықтарынан бас тартуға мәжбүр болады. Яғни, әлеуметтің құрбаны. Ал, егер адам қоғам өзгерістеріне сай пайда болған жаңа талаптарға сәйкес бейімделе алмаса, онда ол әлеуметтенудің құрбаны болып табылады. Мысалы, қазіргі уақыттағы жұмыссыз жүрген адамдарды алайық. Олар өз кезінде жақсы маман иелері болған. Бірақ, бүгінгі күннің талабына сай келмей қалуына сәйкес яғни оған қоғам талаптарына сай өз мүмкіндіктерін жетілдіріп, дайындалмауынан әлеуметтену құрбанына айналып отыр. Сонымен қатар адам қолайсыз жағдайлардың да құрбаны болуы мүмкін. Мысал келтіре кетсем, ата - анасы ішімдікке салынып кеткен отбасындағы балалар, медициналық қателіктің нәтижесі, экологиялық орта және т.б. да баланың қалыптасуында оның әлеуметтену құрбаны екендігін көрсетеді.

Мектеп жасына дейінгі кезеңде ауыршандық, травма алу, отбасындағы жоқшылық, кедейшілік те кейде әлеуметтік ауытқуға алып келеді. Бастауыш мектеп жасындағылар кезінде ата - анасының ішімдікке салынуы, өгей әке мен шешенің болуы, тәрбиеде дұрыс қамқорлықтың болмауы баланың дұрыс емес дамуына, тілінің дұрыс дамымауына әкеліп соқтырады. Сонымен адам әлеуметтену процесі кезінде оның объектісі де, субъектісі де және құрбаны да болады. Соның ішінде әсіресе мақсатты бағытталған тәрбие процесінің мәні зор. Әлеуметтенудің тиімділігі көбінесе тәрбиенің гумандық бағытының негізгі принциптерін бірізді де жүйелі жүзеге асыруына байланысты болады. Сондықтан қазіргі таңда мектепте еркін ортаны қарастыру баланың жағымды әлеуметтік тәжірибе жинауына бар қажетті мүмкіндіктерді жасау. Бала келешекте кім болады, іштей кімге еліктейді, идеалды жүзеге асыру үшін қандай жоғары адамгершілік принциптерімен ізгілік құндылықтарын меңгеру керектігін біртіндеп қарым-қатынас жасау барысында қалыптастыру қажет.

Қолданылған әдебиет

1. Нағашыбаева, С. Жеткіншектердің психологиялық ерекшеліктері мен агрессиялық мінез-құлқын зерттеу // С.Нағашыбаева; Қызықты психология.- 2010.- № 2.- 26-29 б.
2. Гурко Т.А. Особенности развития личности подростков в различных типах семей // Социол.исслед. – М .№ 3. 1996 . С . 81 – 90 .
3. Журавлев Д. Подростковая агрессивность – психологическая закономерность или социальный феномен? // Народное образование. – 2003. -№2. -185-191 ст.

УДК:15:616-053,2-085

ЗНАЧЕНИЕ СКАЗКОТЕРАПИИ В КОРРЕКЦИОННО-РАЗВИВАЮЩЕЙ РАБОТЕ С ДЕТЬМИ

Исканджанова Феруза Камалиддиновна

Feruza 022@mail.ru

Преподаватель кафедры «Педагогика и психологии»

Ташкентской медицинской академии

Научный руководитель – Б.М.Умаров

В последнее время в психологии все чаще используют терапевтические сказки – метафоры, для решения психологических проблем детей. Потому что, одним из эффективных методов работы с детьми, испытывающими те или иные эмоциональные и поведенческие затруднения, является сказкотерапия. Этот метод позволяет решать ряд проблем, возникающих у детей дошкольного, младшего школьного и других возрастов. В частности, посредством сказкотерапии можно работать с агрессивными, неуверенными, застенчивыми детьми; с проблемами стыда, вины, лжи, принятием своих чувств, а также с